

2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 45 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 ақпанда № 2530 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімі аппаратының 2015 жылғы 19 ақпандағы № 3/15-900 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімі аппаратының 19.02.2015 № 3/15-900 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 26.05.2014 № 919 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне /Ж.Ш.Байғонов/ жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары
Б.М.Нарымбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі Д.Сатыбалды
Шымкент қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 27 қаңтардағы
№ 45 қаулысымен бекітілген

**2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың
көздері**

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы
Шымкент қаласы әкімдігінің 26.05.2014 № 919 қаулысымен (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық жұмысшыларға сұраныс, адам	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1.	Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты	360	Санитарлық - тазалық жұмыстары – 167250 шаршы метр	Қалалық бюджет
2.	Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы әкімінің аппараты	320	Санитарлық - тазалық, көгалдандыру, көріктендіру жұмыстарын жүргізу – 120000 шаршы метр. Құжаттармен іс жүргізу – 2,5 мың құжат	Қалалық бюджет
3.	Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты	280	Санитарлық - тазалық, көгалдандыру, көріктендіру жұмыстарын жүргізу - 283700 шаршы метр. Құжаттармен іс жүргізу – 1,5 мың құжат	Қалалық бюджет
4.	«Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	50	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету, курьерлік жұмыстар, факс жіберу – 50 мың құжат	Қалалық бюджет
5.	«Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	10	Құжаттармен жұмыс жасау – 600 құжат, кадастрлық базамен жұмыс жүргізу – 600 құжат, мекен-жай базасымен жұмыс жүргізу – 1 мың құжат	Қалалық бюджет
6.	«Шымкент қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	5	Игерілмеген жерлерді анықтау бойынша жұмыс жүргізу, ескерту хаттарын дайындау және жіберу, кіріс-шығыс құжаттармен жұмыс жүргізу	Қалалық бюджет

7.	«Шымкент қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	5	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын насихаттау жұмыстарына көмек көрсету – 23 көше, 2183 коммерциялық құрылымдар	Қалалық бюджет
8.	«Шымкент қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	6	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету – 30 мың құжат, әдістемелік жұмыстар жүргізу	Қалалық бюджет
9.	«Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі	10	Ағымдағы құжаттардың жұмысына көмектесу – 25 мың құжат, курьерлік жұмыстар	Қалалық бюджет
10.	«Шымкент қаласының тұрғын үй коммуналдық – шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі	10	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жүргізуге көмек көрсету – 45 мың құжат	Қалалық бюджет
11.	«Тұрғын үй Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	18	Хабарламаларды жеткізу, келісім шарттарын және түбіртектерін тұрғындарға жеткізу – 37 көпқабатты үйлер	Қалалық бюджет
12.	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Шымкент қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	17	Салық әкімшілігін жүргізу, азаматтардан түскен арыз және өтініштер бойынша курьерлік жұмыс жүргізу – 25 мың құжат	Қалалық бюджет
13.	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Абай ауданы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	40	55 мың жер салығының, 56 мың мүлік салығының, 65 мың көлік салығының хабарламасын тарату	Қалалық бюджет
14.	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Әл-Фараби ауданы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	15	Хабарламаларды мекен-жайы бойынша тарату – 8547 заңды тұлғалар, 94674 жеке тұлғалар	Қалалық бюджет
15.	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Еңбекші ауданы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	35	Салық төлеушілерге жер, мүлік және көлік салықтарының хабарламаларын тарату – 137202 жеке тұлғалар	Қалалық бюджет
16.		200	«Консьерж-Сақшы» бағдарламасы бойынша көмек көрсету, аймақтық полиция қызметкерлеріне көмек беру, жазасын өтеп шыққан азаматтармен жұмыс жасау,	Қалалық бюджет

	Шымкент қаласының ішкі істер басқармасының Абай аудандық полиция бөлімі		құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізу – 432 көпқабатты үйлер 23538 жеке үйлер	
17.	Шымкент қаласының ішкі істер басқармасының Әл-Фараби аудандық полиция бөлімі	200	«Консьерж-Сақшы» бағдарламасы бойынша көмек көрсету, аймақтық полиция қызметкерлеріне көмек беру, жазасын өтеп шыққан азаматтармен жұмыс жасау, құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізу – 808 көпқабатты үйлер 25216 жеке үйлер	Қалалық бюджет
18.	Шымкент қаласының ішкі істер басқармасының Еңбекші аудандық полиция бөлімі	200	«Консьерж-Сақшы» бағдарламасы бойынша көмек көрсету, аймақтық полиция қызметкерлеріне көмек беру, жазасын өтеп шыққан азаматтармен жұмыс жасау, құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізу – 554 көпқабатты үйлер 19670 жеке үйлер	Қалалық бюджет
19.	Шымкент қалалық ішкі істер басқармасының әкімшілік полиция бөлімі	5	Кіріс және шығыс тіркеу және тігу – 2,5 мың құжат	Қалалық бюджет
20.	Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы	6	Аумақты көріктендіру және көгалдандыру - 0,96 гектар, ғимаратта қызмет көрсету - 3500 шаршы метр	Қалалық бюджет
21.	Шымкент қаласы Абай аудандық прокуратурасы	1	Ғимаратта қызмет көрсету – 1980 шаршы метр	Қалалық бюджет
22.	Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық прокуратурасы	1	Тазалық жұмыстары – 1980 шаршы метр	Қалалық бюджет
23.	Шымкент қаласы Еңбекші аудандық прокуратурасы	2	Аумақты көріктендіру және көгалдандыру - 033 гектар, ғимаратта қызмет көрсету - 1606 шаршы метр	Қалалық бюджет
24.	«Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті» мемлекеттік мекемесі	15	Зейнетақы, жәрдемақы істері бойынша мүгедектердің іс - құжаттарын дайындау - 270 мың құжат	Қалалық бюджет
25.	«Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша	5	Азаматтардан түскен өтініштері бойынша құжаттармен жұмыс жасауға, құжаттарды жүйелендіруге және тігуге,	Қалалық бюджет

	департаменті» мемлекеттік мекемесі		компьютерлік базаға мәліметтерді енгізуге көмек көрсету – 40 мың құжат	
26.	Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының кеңсесі	100	Азаматтардан түскен өтініштері бойынша құжаттармен жұмыс жасауға, құжаттарды жүйелендіруге және тігуге, компьютерлік базаға мәліметтерді енгізуге көмек көрсету – 15 мың құжат	Қалалық бюджет
27.	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы сот актілерін орындау департаменті» мемлекеттік мекемесі	20	Азаматтардан түскен өтініштері бойынша құжаттармен жұмыс жасауға, құжаттарды жүйелендіруге және тігуге, компьютерлік базаға мәліметтерді енгізуге көмек көрсету – 28 мың құжат	Қалалық бюджет
28.	«Оңтүстік Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі	10	Мекеме аумағын тазарту – 5216 шаршы метр. Мекеме аумағын күзету – 5216 шаршы метр	Қалалық бюджет
29.	«Нұр Отан» париясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы	4	Азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдармен жұмыс жүргізу – 6 мың арыз-шағым	Қалалық бюджет
30.	«Нұр Отан» партиясы Шымкент қалалық филиалы	25	Өтініштер бойынша жұмыс жүргізу – 500 өтініш, партиялық жұмыстарды ұйымдастыруда құжаттарды реттеу -1000 құжат	Қалалық бюджет
31.	«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	15	Саябақ аумағын тазарту, көшеттер егу, жасыл желектерді қарау және суғару, қурағандардан тазарту – 180 шаршы метр	Қалалық бюджет
32.	«ЖилКомХоз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	216	Ішкі орам аулалық аймақтарды қоқыстан тазарту жұмыстары – 43569 шаршы метр, 1751 көпқабатты үйлерге техникалық қызмет көрсету	Қалалық бюджет
33.	«Байтерек - ЛБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	Ішкі орам аулалық аймақтарды қоқыстан тазарту жұмыстары – 14523 шаршы метр, қала көшелерін санитарлық тазалау жұмыстары – 12046 шаршы метр, көріктендіру көгалдандыру жұмыстары – 632 шаршы метр	Қалалық бюджет
34.	«ТеплоКом Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	Ішкі орам аулалық аймақтарды қоқыстан тазарту жұмыстары – 320215 шаршы метр	Қалалық бюджет
	«Ару-Аналар» Оңтүстік Қазақстан облыстық			

35.	көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігі	25	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету – 2000 құжат	Қалалық бюджет
36.	«ЖҚТБ-нен балаларды қорғау» қайырымдылық қоғамдық қоры	30	Ағымдағы құжаттардың жұмысына көмектесу – 5 мың құжат	Қалалық бюджет
37.	«Қарулы Күштерінің Ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі	3	Мүгедек ардагерлерге үйлерінде күтім жасауға, азық-түлік және дәрі-дәрмектерін жеткізіп беруге, құжаттарын дайындауға көмек көрсету – 110 ардагер	Қалалық бюджет
38.	«Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аграрлық өнеркәсіп кешенінің бастауыш филиалы	2	Мүгедек ардагерлерге үйлерінде күтім жасауға, азық-түлік және дәрі-дәрмектерін жеткізіп беруге, құжаттарын дайындауға көмек көрсету – 110 ардагер	Қалалық бюджет
39.	«Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Шымкент қалалық филиалы	4	Ардагерлердің құжаттарын ресімдеуде көмек көрсету – 155 бастауыш ардагерлер ұйымы	Қалалық бюджет
40.	«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы	2	Ардагерлер кеңесінің әдістемелік іс-қағаздарын дайындау, спорттық іс-шараларын ұйымдастыру	Қалалық бюджет
41.	«Арқау» қоғамдық қайырымдылық қоры	5	Зағип мүгедектердің құжаттарын ресімдеуге көмек көрсету -2000 құжат	Қалалық бюджет
42.	«Шымкент қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	6	Ағымдағы құжаттардың жұмысына көмектесу – 10 мың құжат, курьерлік жұмыстар	Қалалық бюджет
43.	Алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 26.05.2014 № 919 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).			
44.	«Шымкент қаласындағы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі	12	Бөлмелерді тазалау - 100 шаршы метр алаң, құжаттармен жұмыс жасау – 6000 парақ	Қалалық бюджет
45.	Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік палатасы	12	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету, курьерлік жұмыстар, факс жіберу – 50 мың құжат	Қалалық бюджет
Барлығы:		2415		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

